

«Сейфуллин оқулары – 18: «Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: «Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.ІІ, Ч.ІІ. – Б.94-97

ҚАЗАҚ ЫРЫМ-ТҢЙЫМДАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ МӘНІ

Елтайұлы Е., 2 курс студенті

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақ – өте ырымшыл халық. Халқымыздың рухани мәдениетінде, салт-дәстүрінде, тұрмыс, тіршілігінде ырым-тыйымдардың алатын орны ерекше. Ырым-тыйымдардың басым көпшілігі бастау көзін ертедегі шамандық, тәңірлік наным-сенімдерден алады.

Бағзы заманда адамзатты қарама-қарсы екі түрлі, ізгі және кесірлі рухтар қоршап тұр деген наным-сенім болған. Адам осы қатерлі рухтардың қастығынан қорғанып, қорғану немесе мейіріміне ие болып, қолдауына жетуді көздеп әрекеттер жасаған. Өз іс-қимылдарын сол иекиелерге үйлестіру, үндестіру мақсатында әртүрлі ырым-тыйымдарды ойлап тауып, тұрмыста қолдана бастаған.

Табу – полинезий тілінің та - “белгілеу” және ри – “күллі, түгелімен” деген сөздерінен жасалған термин сөз. Ертеректе діндарлық, ырымшылдықтың салдарынан кейбір заттардың аттарын тікелей айтуға тыйым салынып, ол сөздерді басқа сөздермен ауыстырып айтатын болған[1].

Табудың пайда болуы мен дамуы да ұлттық дүниетаныммен, тілдің тарихымен тығыз байланысты. Бұрын табуды қазақ әйелдері көп қолданған. Олар қайын жұртын және күйеуін өз есімімен атай алмаған. Өзеннен су алуға барған жас әйелдің тапқырлығы туралы аңыз-әңгімені білмейтініміз кем де кем. Мұндағы сылдырама – қамыс, сарқырама - өзен, ұлыма – қасқыр, маңырама – қой, білеме – пышақ, жаныма – қайрақ.

Тыйым (табу) болатын белгілі бір қатерден адамды қорғандыру, сақтандыру, сол арқылы табиғат пен әлеуметтік күштердің ризашылығын алу үшін жасалды. Ырым мен тыйымның міндеті болашақты (істі) болжау, сәтті нәтижеге жету үшін алдын ала жоспар құру, белгілі бір қағида-ережеге бағынуды шарт етеді. Тыйым алғашқы қауым заманында магиялық түсінікпен тіндес басталғанымен, уақыт өте келе қоғам дамыған тұста әлеуметтік заңи мәнге ие бола бастаған. Енді адамдар рухтарды емес, пәк-күнәһар, ақ- қара, обал-сауап категориясын алға тартқан. Тыйым – ол адам сөзсіз орындауға тиісті, талқылауға жатпайтын, қоғамда қатаң

қалыптасқан, сірескен ережелердің жиынтығы. Оны адам бала кезден естіп, үйреніп-біліп, өле-өлгенше орындауға тиісті[2].

Ал, ырым болса, жеке адамның немесе қауымның жору, болжау арқылы орындауға тиісті ережелері. Бұнда болашақты болжау, жору функциясы басым. Халықтың ұғымында ырым екі түрлі болады: 1. Жақсы ырым. Мысалы: а) аттың есінеуі; ә) баланың тоңқайып жол қарауы; б) сауысқанның шықылықтауы. 2. Жаман ырым. Мысалы: а) жақ таяну; ә) қолды артқа ұстау; б) тізе құшақтау [3].

Ырым-тыйымдарға бүгінде сене бермейтін адамдар көп. Этнограф, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ахмет Тоқтабай ырым-тыйымдар уақыт сынынан өтті, сондықтан оларды сақтау керек десе, этнограф Досымбек Қатран да ырым-тыйымдарды біле тұра орындамған адамдар өкініпқалуы мүмкін, ал білмесе ештеңе етпейді дейді.

Ырым-тыйымдар күнделікті тұрмыста жиі қолданылғанымен де, мән-мағынасы көпшілікке түсініксіздеу ырым-тыйымдар да кездеседі. Біз мақалада ырым-тыйымдарды мазмұнына қарай топтап, мәнін ашуға тырыстық.

Әуелі, асқа байланысты ырым-тыйымдарға тоқталайық. Қазақ – асты құрметтейтін халық. Дәм үстіне келіп қалған адам асығыс болса, «дәмнен ауыз тиейін» деп, қандай дабір тағамнан дәм татады. Астың бетін ашық тастама деген де тыйым бар. Тамақ беретін әйелдің қолында міндетті түрде күміс білезік болған, күміс білезігі жоқ әйелдің қолынанас ішпеген. Үй иесі астан ауыз тимей тұрып тамақ жеуге болмайды. Әкесі бар адам бас ұстамайды.

Мәселен, «Ас атасы – нан» деп, нанды, дәнді дәріптеген. Осыған орай, нанды баспа, нанды бір қолмен үзбе т.с.с. ырым-тыйымдар бар.

Халқымыз сүт өнімдерін «ақ», «ағарған» деп атап, ерекше қадірлеген. «Ақ» түс қазақ халқының танымында пәктіктің, тазалықтықтың, адалдықтың символы. Ақты төкпе, баспа деп жатады. Тіпті үйге кірген жыланнның басына ақ, ағарған құйып шығарады.

Тұзды баспайды, бейберекет шашпайды.

Демек, тағамға, асқа байланысты ырым-тыйымдар дәмнің қадірін білуге, ысырапшылдыққа жол бермеуге бағытталғаны сөзсіз.

Қазақ халқында әйел адамға қатысты ырым-тыйымдар көп таралған. «Қызға қырық үйден тыю» деген мақал да осының айғағы. Халқымыз қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. Болашақ ана деп қараған. Қызға кәрі қыз болып қаласың деп, кәрі жілік ұстатпайды.

Жас келіндерге арналған ырым-тыйымдар тіптен көп. Жаңа түскен келін қайын ағаларының, қайныларының, қайын сіңлілерінің аттарын атамайды. Оларға ат қояды. Бұл дәстүрді ат тергеу деп атайды. Бұл сыйластықты арттыратын әдемі дәстүр. Жас келін түн ішінде суға бармайды, кір жаймайды, себебі әйел адам нәзік келеді, шошыныпқалуы

мүмкін. Келін төрге шықпайды, төр – отағасының немесе қыз бала мен қонақтың орны саналады. Аяғы ауырлаған әйел түйенің, қоянның етін жемейді. Түйенің етін жесе, түйе секілді баланы мерзімінен көп уақыт көтереді деп, ал қоянның етін жесе, бала қоянжырық болып туады деп сақтанған. Түсік тастамау үшін аяғы ауыр әйелдің етегін түйіп қояды. Жүкті әйел арқан аттамайды, өйткені баланың кіндігі мойнына оралып қалады деп қорыққан. Ал жас босанған әйел итке «кет, шық» деп айтпайды, себебі тістері түсіп қалады деген түсінік бар. Келіндерге қатысты ырым-тыйымдар өте көп.

Жалпы әйел адамдарға байланысты айтылған ырым-тыйымдар да баршылық. Мәселен, әйел адам мал бауыздамайды, ер адам болса, бата бермейді, сондай-ақ, ер адамның алдын кесіп өтпейді. Бейіт басына баруға да болмайды. Шашты жаюға да болмайды, өйткені ертеде ерін жоқтағанда әйелдер шашын жайып, жоқтау айтатын болған. Шашын жайып жіберіп дауыс айтса, іштегі шері тарқайды деп санаған.

Балаға қатысты, бала тәрбиесіне арналған ырым-тыйымдар да мол. Мысалы, қырқынан шықпаған сәбиді жұртшылыққа көрсете бермейді, көз тиеді немесе тіл тиеді деп қорқады. Жас баланың жуылған киімдерін түнде далада қалдыруға болмайды. Жас балаға сұқтанып қарамайды. Жас бала ішін тартса, қуаныш болады деп күткен, сәби тілін шығарса, хабар аламыз деп, ал жол қараса, қонақ келеді деп жорыған.

Сәби шалқасынан жатып ұйықтайтын болса, беделді азамат болады, бүк түсіп жатса, жігерсіз, жасық болады, ал екпетінен жатып ұйықтаса, ойлы болады, аяқ-қолын созып, еркін жатса, батыр болады деп жорыған.

Жас балаға бойы өспей қалады деп бұғана ұстатпаған. Танымал адамдардың сарқытын ішсе, орнына отырса, сол адамдардай табысты болады деп ырымдаған немесе сол белгілі адамға баланың «аузына түкіртіп», кәдесін берген.

Ырым-тыйымдар бала тәрбиесінде айрықша маңызға ие. Баланы жаман әдеттерден, жат қылықтардан тыюды көздейтін ырым-тыйымдар өте көп. Ырым-тыйымдар ысырапшылдықтан сақтайды. Мысалы, отпен ойнама, отты аттама, пышақты шалқасынан қойма, пышақтың жүзін жалама, аяқ-қолыңды жіппен байлама, жағынды таянба, бетіңді баспа, үйге жүгіріп кірме, үйді айналма, адамдарды санама, кемтар адамға күлме, адамды айналма, үлкеннің алдын кеспе, бейітке қарап саусағыңды шошайпа, таңдайыңды қақпа, т.с.с. ырым-тыйымдар балаларды түрлі жамандықтан, әдепсіздіктен сақтандырады.

Халқымызда шаруашылыққа, табиғатқа байланысты ырым-тыйымдар қатары да аз емес. Соның ішінде төрт түлікке қатысты ырым-тыйымдарға ерекше тоқталғымыз келеді. Қазақ малының санын айтпаған, көз тиеді деп қорыққан. Жас ботаны ешкімге көрсетпеген. Малдың алдынан бос ыдыспен шықпаған, сүт азайып кетеді, суалып кетеді деп

ырымдаған. Сойылған малдың қанын өзге малға көрсетпеген. Малды тебуге, ұруға тыйым салынған. Малын сатарда иесі бас жібін, үзеңгісін немесе сілекейін алып қалған, ол өзінің байлығы, дәулеті басқа адамға көшіп кетпесін деп ырымдағаны.

Төрт түлікке қатысты ырым-тыйымдардың мәні әр түліктің киесі бар екенін, иесі барекенін, сондықтан құрметтеу қажет екендігін паш етеді.

Көк шөпті жұлма, құстың ұясын, құмырсқаның илеуін бұзба, құдыққа түкірме т.б. ырым-тыйымдарды табиғат, экология тақырыбына біріктіруге болады.

Күнделікті тіршілікке байланысты ырым-тыйымдар өте көп. Қазан, ошақ киелі саналады, сондықтан қазанды еш уақытта бос қалдырмайды, жаман ырым саналады. Қазан татулықтың белгісі деп саналады. Ертеде жауласқан мың батырдың найзасының ұшы ерітіліп, қазан құйылған екен деген аңыз бар. Шәугімнің шүмегін есікке қаратуға болмайды, береке, несібе далаға кетуі мүмкін. Түнде сандықты ашпайды, біреу қазаға ұшырауы мүмкін деп қорқады. Майшамды үрлеп сөндірмейді. Кірдің суы төгілген жерді баспа, жын-шайтандар жүреді дейді.

Киіз үйге қатысты ырым-тыйымдарды өз алдына бір топқа біріктіруге болады. Үй тігіліп, шаңырақты көтеріп жатқанда ешкім сөйлемейді. Шаңырақ – киіз үйдің киелі бөлігі. Киіз үйдің киесі шаңырақтан бастау алады. Қазақ дүниетанымында шаңырақты көтеру ұлы іс, сондықтан ол кезде үнсіздік орнауы тиіс. «Жеті уық шаншылғанша, жетесізғана сөйлейді» деген мақал осыны меңзейді. Төр қасиетті орын, онда төрелік айтатын, билік айтатын адамдар отырады. Төрге, әдетте ақ пен қара түсті сырмақ төселеді. Оның мәнісі, төр – ақ пен қараны ажырата алатын, әділ билік айтатын адамның орны дегенге меңзейді. Екі босағаны да киелі санаған. Оң жақ босаға ерлер, ал сол жақ босаға әйелдер символы. «Керегең кең болсын, екі босағаң тең болсын!» деген баталы сөздің мәні осыдан шығады, яғни әке-шешен аман болсын дегенді білдіреді. Бақан ер адамның символы, оны әйел адам ұстамайды, аттамайды, «Бақан аттаған байымайды» деген сөз бар. Бақан шаңырақты, яғни әлемді тіреп тұрған нәрсе. Адалбақанның маңызы тіпті ерекше, ол әлемағашының символы. Киіз үйдегі тағы бір киелі орын – табалдырық. Табалдырықты баспа деген тыйым сөз бар. Оның мәнісі: қазақтың ежелгі дүниетанымында әлем үш бөліктен тұрады. Жоғарғы саты, яғни көк, аруақтар мекені, ортаңғы бөлік, жер үсті және үшінші бөлік жер асты. Табалдырық төменгі әлеммен байланысқа түсіреді деген сенім болған. Сондықтан өлі туған төлді, тіпті түсікті де табалдырыққа көмген. «Табалдырықты баспа!» деген тыйымның мәні осында. Арғы әлем мен бергі әлемнің арасында қаскөй рухтар болады деген түсінік бар.

Халқымызда көз тиюге байланысты ырым-тыйымдар да көптеп саналады. Көз тиюге әр халықтың көзқарасы әртүрлі болып келеді. Оған

ежелгі Египетте, Канада, Африка, АҚШ, Түркия, Иран, Үндістан елдерінде қатты сенген. Ал Қытай, Жапония, Моңғолияда оған илана қоймайды. Көптеген елдерде көз тиюді қызғанышпен байланыстырады. Адамкөзінен байқалған сезімдердің ешқайсысы да екінші адамның өмірінде із қалдырмай өтпейді.

Қазақтың ұғымы бойынша жақсы адамға, жас балаға, жүйрік атқа, сұлу қызға көз тиеді деген ұғым бар. Ондай адамдарды «көзі бар» немесе «назар керде» дейді. «Кісі едіназар керде Кенесары, көзінің қарағанда өтті зәрі» (Наурызбай – Қаншайым). Ас, тойларда жыққан палуанды, жүйрік атты көзге көп көрсетпейді. Ажары әдемі жас сәбилердің бетіне күйе жағып қоятын да әдет бар. Бұл көз тимесін деген сенім мен түсініктен шыққан. Біреулер жас келінге, сәбиге сұқтана қараса «көзің тиеді, түкір» деп, тіл тисе «тфә - тфә» деп немесе біреуді мақтағанда «тіл-аузым тасқа» деп ырымдайды. Өйткені, көз тиген адам, мал ауруға ұшырайды»[4].

Қазақ халқында, әсіресе, жас сәбиді бөтен көзден қатты қорғаштаған. Оның бесігіне үкі тағып, бетіне, маңдайына күйе жағып қойған. Көзмоншақ таққан. Көзі жаман адамның көзі балаға емес, жағылған күйеге, көзмоншаққа түседі деп сенген.

«Көз тию – дәстүрлі қазақ қоғамындағы наным-сенім. Жас баланы тіл-көзден сақтасын деп, молдаға дұға жазғызып, тұмарға салып, мойнына немесе киімінің өңіріне тағып қойған. Бала кенет науқастанып қалса, көз тиді, біреудің сұғы өтті деп, ащылау әдісімен ем жасайды. Ащылау-тұзды уыстап баланың жаланаş денесіне басып, көз-тіл тиюді қайтару әдісі. Жетісу өңірінде жеті ұсақ тасты тұмарша етіп, шүберекке тігіп, киімнің жағасының астына көрінбейтіндей қылып қадап қою салты бар. Егер малға, адамға көз тисе, «тіл кестіру» арқылы емдеген. Емнен кейін құдайы тамақ берілген» [5].

Сол секілді жақсы адамға, сұлу қызға, жүйрік атқа да көз тиеді деп, сақтанған. Көз тиген баланы емшілер «үшкіріп», «түкіріп» емдеген. Көзім бар деп есептейтін кейбір адамдар «Тіл-аузым тасқа, тфай, тфай» деп, өздері айтып жатады.

Кейбір ырым-тыйымдар мақалға айналып кеткен. Мысалы, Мәселен, «молаға қарай жүгірме», «асты қорлама», «жылағанға күлме» деген тыйымдар «Өлетін бала молаға қарай жүгіреді», «Асты қорлама құстырады, ерді қорлама састырады», «Күлген күле жетеді, екі етегін түре жетеді» деген түрде мақал-мәтелге айналғанын көруге болады. Ырым-тыйым көбінде бұйрық райда айтылады да кейде ақыл-кеңеске де ұқсайды, рас ол бұл тұрғыдан мақал-мәтелге жақындағанымен түпкі мәнінде ескерту, сақтандыру, болуға ықтимал қатердің алдын-алу шарасы жатыр. Бір сөзбен айтқанда, мақал-мәтелдер керсінше тарихта болған, бастан кешкен жайттардың куәсі іспетті болса, ырым-тыйымда үнемі болашақ болжанады. Айталық, «Үй иен қалса, төсектің үстіне пышақ қойып кет»

деген ырым ақыл-кеңеске ұқсайды. Ал, түпкі себебін таратып айтсақ, дәстүрлі танымдаиен үйге, бос төсекке жын-шайтан қонуы ықтимал, ондай рух-иелер өткір жүзді сайман-дардан, пышақтан сескенеді, демек, ырымда пышақ арқылы қаскөй күшті қуу магиясы тұспалданған[3].

Ырым-тыйымдардың міндеті – өмірлік ақыл-кеңестер, жастарды, балаларды, тәжірибесі аз адамдарды жамандықтан, қиындықтардан сақтандыру, қорғау, төрт түлік пен шаруашылыққа қамқорлық, т.с.с.[6].

Сонымен, ырым-тыйымды қазақ фольклорында кездесетін ең қысқа әрі ең өміршең жанрдың бірі. Ол адамның күнделікті тұрмыс-тіршілігінде тұтқиылдан көрініс тауып, қағылез бақылаушылар тарабынан жария етілетін, қоғамдық санада бағзыда қалыптасқанқасаң қағидалардың түйіні, түйіршігі деуге болады. Оның ғасырлар керуеніне өтіп, бүгінгі ұрпақтың зердесіне ұя салуы – қысқа да ұшқыр, ұтқыр да тұтқыр сипатында жатыр.

Ырым-тыйым көбінде бұйрық райда айтылады да кейде ақыл-кеңеске де ұқсайды, рас ол бұл тұрғыдан мақал-мәтелге жақындағанымен түпкі мәнінде ескерту, сақтандыру, болуға ықтимал қатердің алдын-алу шарасы жатыр.

Қорыта айтқанда, ырым-тыйымдар арнайы зерттеле қоймаған, қазақ магиялық фольклорындағы шағын жанрлық түр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер (салыстырмалы-этнолингвистикалық зерделеу). – Алматы: Ғылым, 1995. – 176б.

[2https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56285128200#:~:text=ANATOMY%20IN%20THE-,KAZAKH,-LANGUAGE%20IN%20COMPARISON.](https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56285128200#:~:text=ANATOMY%20IN%20THE-,KAZAKH,-LANGUAGE%20IN%20COMPARISON)

3 Тойшанұлы А. Ырым-тыйымды біз қалай түсінеміз? <https://adyrna.kz/post/226421.03.2022>

4 Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2014. – 384 б.

6 Ақбай Н. Дәстүрлі атаулар, Алматы – «Арда», 2005. – 304 б. 6

<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57192211941>

Ғылыми жетекші: Амангелди А.А